



Сыр бойы

№104
(20378)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

14 шілде, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

«БІЗ ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН
ФУТБОЛДЫҢ БИЗНЕС
ЕКЕНІН ТҮСІНБЕЙ
ЖҮРМІЗ»



4

«МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ ТҮРУЫ ҚАЖЕТ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысып, ҰҚК органдарының ардагерлерін, офицерлері мен қызметкерлерін құттықтап, олардың Қазақстан мемлекетінің нығайтуға қосқан үлесін атап өтті.



Халықаралық есірткі тасымалына қарсы күрес аясында 14 халықаралық арнайы операция жүзеге асырылды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының сөйлеген сөзінде келтірілген деректерге сәйкес Қазақстан шекарашылары шекара және аумақтық сулар режимін бұзған 7 мыңнан астам адамды ұстаған. Жалпы құны 8 миллиард теңгеден асатын валюта, алтын және басқа да тауарлардың заңсыз тасымалын жолы кесілген. Сонымен қатар арнаулы қызмет еліміздің ақпараттық қауіпсіздігін сенімді қамтамасыз етуде. Еліміздің маңызды инфрақұрылымдық нысандарына жасалған 1,5 мың DDoS шабуылына сәтті тойтарыс берілді.

– Ұлттық қауіпсіздікті қорғау ісі көбінесе ел назарынан тыс жүргізіледі. Оны көшілік біле бермейді. Дегенмен, сіздердің жұмыстарыңыздың мән-маңызы айрықша. Шынайы патриотизм атак үшін емес, Отан үшін елге адал қызмет етуден көрінеді. Біз ел мүддесін қорғау жолында құрбан болған қаһармандарды ешқашан ұмытпаймыз. Олардың ерлік істері жұртқа жарияланбайды. Бірақ есімдері Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жылнамасына алтын әріппен жазылады. Комитет ардагерлеріне көп жылғы еңбегі үшін зор алғыс айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

– Ұлттық қауіпсіздік жүйесі – мемлекеттіміздің басты тұғыры. Сондай-ақ, дербес дамуымыздың мызғымас тірегі. Отан үшін аянбай еңбек етіп жүрген азаматтардың арқасында еліміз өсіп-өркендеуде. Сіздер ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерге дер кезінде тойтарыс беріп келесіздер. Бүгінде мемлекеттің негізі және конституциялық құрылымы берік қорғалған. Тәуелсіздігіміздің құндылықтары бірнеше рет елеулі сын-қатерлерге тап келді. Сіздер бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін табынды еңбек еттіңіздер, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ұлттық қауіпсіздік органдарының екі мыңыншы жылдары терроризм мен радикалды діни экстремизмге қарсы күреске қосқан үлесіне тоқталды. Сондай-ақ Сыртқы барлау қызметінің ұлттық мүддені қорғау жолында өз міндетін табысты орындап келе жатқаны және

Комитеттің «А» арнаулы қызметі мен Шекара қызметінің жұмыстары туралы айтты.

– Жыл басынан бері Комитет қызметкерлерінің тиімді жұмысының арқасында экстремистік әрекеттерге қатысқан және терроризмді насихаттаған 42 адам

ұсталды. Екі террорлық актінің алды алды. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес қарқынды жүргізілуде. Ұлттық қауіпсіздік органдары полициямен бірлесіп, бірқатар аса қауіпті қылмыстық топты құрықталды, бандиттік ұйымдардың 22 мүшесі тұтқындалды. Нәтижесінде 700-ге

жуық қару-жарақ, 54 граната, 17 мыңнан астам оқ-дәрі тәркіленді. Жарты жылдың ішінде елімізде 15 есірткі лабораториясы, 23 халықаралық және 40 аймақтық есірткі каналдары жойылды, 3 есірткі плантациясы әшкереленді. Шетелдік серіктестермен бірлесіп,

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ



Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық академиялық музыкалық драма театрында Ұлттық қауіпсіздік органдарының құрылғанына 30 жыл толуына орай салтанатты шара өткізілді. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, құқық қорғау органдарының басшылары, сала ардагерлері қатысты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Отанды қорғау – мәртебелі миссия және жоғары жауапкершілік» деп елдің тұтастығын сақтауда күшті құрылымдар мен арнайы орган қызметкерлерінің қоғам алдындағы міндетін тағы бір салмақтай түсті. Мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуде негізгі маңызды құрылымдардың бірі – Ұлттық қауіпсіздік органдарының алар орны ерекше, – деп атап өтті облыс әкімі.

Сондай-ақ, аймақ басшысы Қазақстан өз алдына дербес мемлекет болып, Тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап жаңа арнайы қызметтің

тарихы бастау алып, түрлі кезеңдерді өткергенін айтты.

– Мемлекетіміздің қалыптасып, дамуының маңызды да басты алғышарты – тұрақтылық пен қауіпсіздік екені аян. Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдары қызметінің басты міндеті – тұтастықты қалыптастыру, сан түрлі террористік, экстремистік және өзге де заңсыз ұйымдар мен топтардың теріс пиғылынан қорғау. Жаһандық сын қатерлердің қыр көрсетулеріне қарамастан, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстанның ұлттық мүдделерін, конституциялық құрылысын, қоғам қауіпсіздігі мен экономикалық әлеуетін қорғауда

аянбай күш біріктіру керек. Осындай қиындығы мен қызығы қатар жүретін қырағы мамандықты таңдаған жастар ел алдындағы азаматтық борышын жауапкершілікпен сезініп, отаншылдықтың шынайы үлгісін көрсетеді деп сенеміз. Бұл ретте өмірін осы қызметпен сабақтастырған әрбір азаматтың еңбегі құрметке лайық, – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада аймақ басшысы бірқатар сала қызметкерлеріне арнайы Алғыс хат табыстап, құрмет көрсетті. Сондай-ақ, ҚР Ұлттық қауіпсіздік органдарының 30 жылдығына арналған мерекелік медаль табыс етті.

Танымал әншілер Мәдина Сәдуақасова мен Сәкен Майғазиев мерекелік шараны әнмен әрледі.

«СБ» ақпарат

МӘСЕЛЕ

Зейнет жасы, қайда барасыз?

Әйелдердің зейнет жасын төмендету кейінгі кезде қоғамда көп талқыланатын тақырыпқа айналды. Олай болмағанда ше? Өткен жылы әйелдердің орташа өмір сүру ұзақтығы 70 жасқа төмендеген. Бұған екі жылғы пандемия салдарынан 22 процентке өскен елдегі өлім-жітімді қосыңыз. Оның үстіне түздегі жұмыстан бұрын үйдігі тіршіліктің тең жартысы аналардың мойнында. Бала тәрбиесі тағы бар.

Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Парламент қабырғасында бірнеше рет қозғалған мәселеді жақында сенатор Дана Нұржігіт қайта көтерді. Оның айтуынша, қазақстандық әйелдердің жұмысы мен өмірін әлемдік стандарттармен өлшеуге болмайды. Мәселен, Жапонияда аналар 65 жасқа зейнетке шығады. Бес жыл ерте кетемін десе де өз еркі. Себебі күншығыс еліне өмір сүру ұзақтығы – 87 жас.

Қазақстандық әйелдердің

зейнеткерлік жасын ұлғайту туралы шешім 2015 жылы қабылданды. Еліміздің зейнетақы жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізіле бастады. Соның бірі – әйелдердің зейнет жасын ұлғайту еді. Бұл өзгерістерді жүзеге асыру үшін 2018-2027 жылдар аралығында, яғни 10 жыл ішінде әйелдердің зейнеткерлік жасын кезек-кезеңімен 63 жасқа дейін

жеткізу жоспарлануда. Есеп бойынша биыл шілдеден бастап әйелдер 61 жасқа зейнетке шығады.

Жұмыста техникалық қызметкер Марина апай: «Мен жүргірген сайын ол да жеткізбей келеді. Жыл сайын алты ай қосылады. Екі жыл шыдасам, 62-ге келгенде шығады екенмін» деп күтіп жүр.

– Үкімет зейнетке шығу жасын төмендетуді қарастырып жатыр. Бұл жерде бәрін бөлек-бөлек қарамай, барлығын теңдей көрмей ме? Жасым алпыстан асқанда әр қабатқа шелекпен су тасып, бөлім бүгінгі еден жуу оңай емес. Жұмыстан шаршап барғанда немерелердің қылығын қызықтауға да мұрша болмайды, – дейді ол. Талай жылғы бейнетінің зейнетін көру үшін қаншама аналарымыз осылай әр күнін санап жүр. Денсаулығы сыр берсе де, «шыда жаным, шыдамын» түрлі ауыр жұмысты ерлермен тең дәрежеде істейтіндер де жетерлік.

Сенатор көтерген мәселеге күні кеше ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов жауап берді. Онда бұл бюджет қаржысын үнемдеу үшін емес, лайықты зейнетақы мөлшерін қамтамасыз етуге негізделгенін жеткізген.

– Қазақстандықтар бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақы алады. Ынтымақты зейнетақы азаматтардың 1998 жылға дейінгі 2 еңбек өтілі мен соңғы 3 жылдық табысы негізінде есептеледі.

2-бет

Бүгінде облыста эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Алайда босануға болмайды. Мәселен, шілде айының 11 күнінде 40 жағдай анықталды.

6 науқас тіркелді

Кейінгі бір тәулікте 6 жағдай есепке алынды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Олия Әбдіқайымова айтты берді.

– Өңірде эпидемиологиялық тұрақты деп бағаланғанымен, коронавирустық инфекциясының пандемиясы әлі аяқталған жоқ. Сондықтан ідетке қарсы екіп салдыру қажет. Бұл ұжымдық иммунитеттің қалыптасуына септігін түгізеді. Сонымен қатар, санитариялық-эпидемиологиялық профилактикалық шараларды да ұмытпауға шақырамын. Себебі қарапайым ғана сақтық шара-

лары тек COVID-19-дан емес, барлық инфекциялық аурулардан, ауа тамшылары арқылы таралатын вирустардан қорғануға көмектеседі, – деді ол.

– Бүгінде облыста вакциналау мен ревакциналау отандық QazVac, VeroCell, Pfizer препараттарымен жүргізілуде. Вакцинаның I компонентін 425853 қызылордалық, II компонентін 423364 адам алды. Сонымен қатар, 2021 жылдың 22 қарашасынан ревакциналау жұмыстары басталып, нақты кезеңде 228 265 тұрғын қайта екіп алды, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Мырзагелдіұлы.

«СБ» ақпарат

Құжат қабылдау басталды

Кеше елімізде жоғары оқу орындарына талапкерлердің құжаттарын қабылдау басталды. ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек осы науқанның қалай басталғанын көру үшін Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне барып, білім ордасының қызметкерлерімен, талапкерлермен кездесті.

– Қазақстанның бүкіл өңірлерінде жоғары оқу орындарына құжат қабылдау науқаны басталды. Жергілікті жоғары оқу орындарының және ұлттық тестілеу орталығының негізінде құжаттар қабылданады. Биыл жалпы магистратураға, докторантураға және бакалавриатқа 88111 грант бөлінді. Бұл былтырғымен салыстырғанда 16 процентке көп. Олардың ішінде 73 мың грант бакалавриат бағдарламаларына арналған. Биылғы басты ерекшелік, Президент тапсырмасы бойынша негізгі басымдық техникалық-инженерлік мамандықтарға берілген. Гранттардың 60 проценті инженерлік, техникалық мамандықтарға бөлінді. Осы жылдан бастап осындай басымдық сақталды, – деді ведомство басшысы.

Оның айтуынша, құжат қабылдау науқаны бүкіл жоғары оқу орындарының негізінде ұйымдастырылған.

– Кез келген азамат, талапкер келіп, құжаттарын не өз қолымен, не виртуалды қабылдау арқылы тапсыра алады. Өздеріңіз көргендей, кез келген жоғары оқу орны Zoom арқылы, Teams арқылы арнайы виртуалды қабылдауға бүкіл құжаттарын тапсырып, кейін поштамен жолдауға мүмкіндігі бар, – деді Саясат Нұрбек.

Сондай-ақ, ол құжаттарды онлайн режимде тапсыру мүмкіндіктері туралы мәлімет берді.

– Бірнеше жылдан бері оқуға құжатты онлайн режимде тапсыру қолданыста бар, яғни, «Электронды үкімет» порталы арқылы тапсыратын. Оны біз пысықтап жатырмыз. Тамыз айында дайын болады. Магистратура мен докторантура талапкерлерін толыққанды «Электронды үкімет» порталы арқылы қабылдаймыз. Келесі жылға да үлкен дайындық жоспарлап жатырмыз, – деді министр.



Жеңімпаздар марапатталды

Кеше қала әкімі Асылбек Шәменов «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының қалалық кезеңінде жеңімпаз атанған отбасыларды марапаттады.

Ұлттық құндылықтар мен шаңырақтың береке-бірлігін насихаттайтын шарада қала әкімі А.Шәменов: «Біз – ата-анасын ардақтап, қариясын құрметтей білетін, отбасын Отанның тірегіне санайтын елдің ұрпағымыз. «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңінде белсенділік танытқан отбасына шынайы алғысымды айтамын. Баршаныңды құттықтай отырып, әр шаңыраққа шаттық, бақ-береке тілеймін!» – деді.

Биыл ұлттық конкурста 15 отбасы үміткер ретінде құжат тапсырып, олардың ішінен арнайы құрылған комиссияның шешімімен 5 отбасы іріктеліп алынды. Нәтижесінде 3 отбасы жүлделі орынды иемденіп, 2 отбасы арнайы номинация иегері атанды. Тасбөгет кентінен Ермановтар отбасы I дәрежелі дипломмен марапатталды. II дәрежелі диплом Қызылорда қаласының тұрғындары Таурақбаевтар отбасына табысталса, III дәрежелі дипломды Жақыповтар отбасы иеленді.

«Еңбеккор отбасы» номинациясымен тасбөгеттік Бөлегеновтер, ал «Өнегелі әулет» номинациясымен Айнакөл ауылынан Смағұлдар отбасы марапатталды.

Айта кетейік, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы қыркүйек айында «Отбасы күніне» орай қорытындыланады.



Автокөлік әкелу шектеле ме?

Бір-екі күндікте бірқатар ақпарат құралдары Қазақстанға жақын шет мемлекеттерден автокөлік әкелу шектелеті деген ақпарат таратты. Бұл Үкімет басшысының депутаттық сауалға жауабы негізінде жарияланған ақпарат еді. Өйтсе де күні кеше ҚР Премьер-Министрінің баспасөз қызметі түсініктеме берді.

«Бүгінгі таңда шетелдік көлік құралдарын заңнаманы бұза отырып елге әкелу жағдайлары жиілеп кетті. Атап айтқанда, ұрланған немесе кепілге қойылған, жалған нөмір тағылған және басқа да автомобильдерді пайдалану фактілері анықталып жатыр. Мәселен, өткен жылы ғана басқа елдердің құқық қорғау органдары мен салыстыру қорытындысы бойынша Қазақстанға әкелінген 35 мыңнан астам автомобильдің банк тарапынан және заң бойынша шектеулері болғаны анықталды. Сонымен қатар, 600-ден астам көлік елге әкелу кезінде ЕАЭО-ға мүше елдердің құқық қорғау органдарының іздестіруінде болып шықты. Осыған байланысты Қазақстанға «проблемалы» автокөлік әкелінуінің алдын алу және жалпы әкімшілендіруді жақсарту үшін Көлік құралдарын әкелу ережелері (уақытша ережелерді қоспағанда) әзірленіп жатыр. Онда мұндай автомобильдер бойынша бақылауды күшейту фактілері, тіпті оларды елге әкелуді шектеуге дейін көзделетін болады. Бұл ретте аталған шаралар Қазақстан Республикасының аумағына заңнаманы бұзбай әкелінген және пайдаланылатын шет мемлекеттерде тіркелген автомобильдерге қатысты қолданылмайды», – делінген мәлімдемде.

Айта кетейік, Үкімет ел аумағына шетелдік автомобильдерді әкелуді шектейтін тетіктер әзірлеп жатыр.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz



«МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ ТҮРУЫ ҚАЖЕТ»

Президент күшейіп келе жатқан геосаяси шиеленіс, бұрын-соңды болмаған санкциялық тегеріс, гибриді қалыптасуы таралу ұлттық қауіпсіздікке жана сын-кәтерлер қаупін төндірді деп санайды. Оның пікірінше, қарқынды жаһандану мен жаппай технологиялық төңкеріс елдер арасындағы шекараны ашық болуына әкеп соқтырды. Мемлекеттердің бір-біріне тәуелділігі артады және мұндай жағдайда Қазақстанның ақпараттық және әлеуметтік-мәдени кеністігіне сыртқы күштердің ықпалы күшейе түседі.

— Алдымызда мемлекеттік және қоғамдық институттардың орнықты әрі тиімді жұмыс істеуін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті

түр. Қантардағы қасіретті күндерде Комитеттің бірқатар басшыларының намысыздығы мен сатқындығына қарамастан, көптеген офицерлеріміз өз антарына адал болып, батыл әрекет етті, нағыз ерлік көрсетті. Өзге елдерде жуырда болған ауқымды қалыптасуына қарамастан, орынықты даму мүмкін емес екенін тағы да бір көрсетіп берді. Ұлттық қауіпсіздік — мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың шешуші факторы. Арнаулы қызметтер жұмысының табысты болуы мемлекеттердің ішкі саяси тұрақтылығына ғана емес, сондай-ақ олардың орнықты экономикалық дамуына айтарлықтай дәрежеде байланысты, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің Жаңа Қазақстанды құруға кіріскенін, қоғамның барлық саласында түбегейлі

жаңғыртулар жүргізіле бастағанын мәлімдеді. Мемлекет азаматтық қоғамды дәйекті түрде дамытып, демократиялық қағидаттарды қорғайды. Оның айтуынша, бұл — еліміздің дамуы үшін өте маңызды қадам. Сондықтан әділдік және заң үстемдігі осы жолда басты бағдар болады. Президент мамыр айында Ұлттық қауіпсіздік комитетін реформалау, яғни оның қызметін түбегейлі трансформациялау және ұлттық қауіпсіздік жүйесін басқару сапасын арттыру жөніндегі Жарлыққа қол қойғанын еске салды.

— Өзгерістердің бәрін табысты жүзеге асыру үшін бізге кез келген қауіпке тиімді қарсы тұра алатын заманауи арнаулы қызмет керек. Ұлттық қауіпсіздік органдары ұлттық мүдделерді қорғауда және күшейіп келе жатқан заманауи сын-кәтерлерге қарсы күресте алдыңғы шепте болады.

Сондықтан аналитикалық және ақпараттық барлау жұмыстарына баса мән бере отырып, проблемаларды бастапқы сатысында жою қажет. Қазақстан жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған теңгерімді әрі сындарлы сыртқы саясат жүргізеді. Сондықтан еліміздің одақтасы және стратегиялық серіктесі саналатын мемлекеттермен арадағы табысты ынтымақтастықты арнаулы қызметтер саласы бойынша дамыту өте маңызды. Қауіпсіздік саласындағы стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру кезінде азаматтар құқығының тапталуына және елімізде іскерлік климаттың бұзылуына жол беруге мүлде болмайды, — деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, арнаулы органдар қызмет ету, ең алдымен, жан-жақты, сан қырлы білім иесі болуы, кез келген жағдайды терен зерттеп, салмақты,

парасатты шешім қабылдай білуі талап етеді.

— Комитеттің әрбір қызметкері өз ісіне адал және нағыз маман болуға тиіс. Қандай жағдай болсын, мемлекет мүддесі бәрінен жоғары тұруы қажет. Сіздердің кәсіби қабілеттеріңіз бен жеке адами қасиеттеріңіздің арқасында ел мүддесі тиісті деңгейде қорғалатыны анық. Сондай-ақ азаматтарымыздың билікке деген сенімі артып, мемлекетіміздің болашағы жарқын болмақ. Сондықтан кез келген жағдайды терен зерттеп, салмақты, парасатты шешім қабылдай білу — өте маңызды міндеттеріңіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жыны соңында Президент Ұлттық қауіпсіздік органдарының бірқатар қызметкерін мемлекеттік наградалармен марапаттады.

akorda.kz

БРИФИНГ Биылға бес жоба

Биыл өңірімізде индустрияландыру бағдарламасы аясында жалпы құны 9 млрд теңгені құрайтын бес жоба іске қосылады. Оның ішінде екі құс фабрикасы, балық өңдеу, ет комбинаты және есік шығару өндірісі бар. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Фердуси Қожабергенов айтты.



Индустрияландыру бағдарлама аясында кейінгі 11 жылда 35 жоба іске асырылып, жаңа өндірістер пайда болды. Соның арқасында екі мыңға жуық жана жұмыс орны ашылды. Әсіресе, кейінгі жылдары аймақта жана инвестициялық жобалар қарқынды жүрді. Мәселен, 2020 жылдан бастап Арал ауданындағы «Сервистік-дайынды орталық» серіктестігі Ресей мен Польшаға мұздалыған балық филесін экспорттауда. Ал бытыр жүзеге асқан 4 жобаның екеуі — шыны және керамика өндірістері құрылыс индустрия саласына, екі жоба — ас тұзы және күріш өңдеу, азық-түлік өнімдерін шығаруға бағытталған. Аталған жобалар бойынша жылдың I жартысында 22 млрд теңгені өнімі өндіріліп, экспорт көлемі 30 процентке артып, — деді ол.

Оның айтуынша, бағдарламаның үшінші бесжылдығында құны 654 млрд теңгені құрайтын 46 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Ал жана өндірістер импортқа тәуелділікті азайтып, облыс тұрғындарын жергілікті өнімдермен қамтамасыз етуге бағытталғалы отыр. Аталған жобалар жүзеге асса, жеті мыңнан аса адам жұмыспен қамтыламақ.

Брифингте 5 ай ішінде 233 мың тонна аммоний метанатадағы Ресей мен Ұлыбританияға экспортталғаны айтылды. Келесі жылы осы таукен байыту комбинатының құрылысын бастау жоспарлануда.

Ал биыл өңірде құрылысы басталатын жобалардың қатарында «Шалқия» кен орнында тау-кен байыту фабрикасының жерасты кенішінің құрылысы, Қызылорда қаласындағы «ВЕА-Пром» серіктестігінің құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру цехын кеңейту жобасы бар.

Айта кету керек, бұған дейін басталған кейбір жобалардың құрылысы әлі толықтай аяқталмаған. Оның ішінде Арал ауданындағы түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығару зауыты, Қызылорда қаласындағы «Айгасар» серіктестігінің «Бие сүтін өңдеу цехы» жобасы, «Игілік» жеке кәсіпкерлік балық қалдықтарынан жасалған балық ұнын өндіру жобасы бар.

147 шақырым жол жөнделген

Биыл облыста ұзындығы 347 шақырымды құрайтын автомобиль жолы мен көпір өткелі жөнделген өткізілді. Нақты кезеңде оның 147 шақырымы толықтай жандартылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жолшыұшылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Пакуятдин Шамуратов айтты.



«Нұрлы жол» бағдарламасы аясында облыстық және аудандық маңызы бар 244 шақырым жолды жөнделуен өткізу жоспарланған. Қазір 104 шақырым жол толықтай жөнделді. Бұған қоса, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде қаламыздағы Сұлтан Бейбарыс көшесінен «Қызылжарма» каналына дейін ұзындығы 4 шақырым магистральді көшенің құрылысы аяқталып, қолданысқа берілді. Сондай-ақ, «Кіші қалаларды дамыту» бағдарламасы аясында Арал және Қазылы қаласының 20 көшесі қайта жандартылды. Бүгінде «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы бойынша республикалық бюджет есебінен 14 жобаның құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Айта кетейік, өткен жылдың қорытындысымен облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының индикаторлық көрсеткіші 75 процентті құраса, биыл бұл көрсеткішті 82 процентке жеткізу мекеленген, — деді ол.

Басқарма басшысы жолшыұшылар тасымалы бағыты бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқталды. Оның айтуынша, биыл үлкен сыйымдылықтағы 150 жаңа автобус қала тұрғындарының игіліне берілме.

— Жана үлгідегі автобустардың іші жайлы, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандар ескергісіз мініп-түсуіне жағдай жасалған. Бұл қоғамдық көліктер тамыз айында келеді деп күтілуде, — деді басқарма басшысы.

«СБ» ақпарат

ҚҰРМЕТ

Достық дәнекері

Кеше облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов «Қазақстан көрейлері қауымдастығы» облыстық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары, Сыр спортының дамуына елеулі үлес қосқан ардагер Юрий Федорович Кимді 80 жасқа толуына орай қабылдап, облыс әкімінің атынан мерейтойымен құттықтады.

— Юрий Федорович еңбек жолын ұстаздықтан бастап, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры, облыстық дене шынықтыру және спорт комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін айбырмен атқарды. Зейнеткерлікке шыққанға дейін облыстық жастар ісі, туризм және спорт басқармасының басшысы болды. Адалдықты ту

етіп, жауапкершілікпен атқарған қажырлы қызмет үшін ризашылығымызды білдіреміз. Сіздің ізгілікке толы жарқын ғұмырыңыз деніңіз жастарға үлгі-өнеге болатындай ғибратты жол. Еселі еңбегіңіз үшін алғыс білдіреміз. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандақ тілейміз, — деді аппарат басшысы.

Мұнан соң өзінің саналы

құрмет пен жайлылықты бірлікті, қоғамдық келісім мен этносаралық достықты нығайту жолына арнаған ардагерге ел дамуына сіңірген еңбегі үшін облыстың ең жоғары нағрадасы «Құрмет грамотасы» табыстылып, Сыр жұртының атынан иғына шапан жабылды.

Салтанатты шараға облысымыздың белгілі қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Өз кезегінде мерейтой иесі «Мен Қызылорда туып, өстім. Балалық, жастық шағым осында өтті. Сыр өңірі — менің мәңгілік мекенім» дей келе көрсетілген құрмет пен жайлы жүзесу үшін ризашылығын жеткізді.

«СБ» ақпарат

Бастамалардың саяси мәні жоғары

Биылғы жыл еліміз үшін аса маңызды қоғамдық-саяси оқиғалармен басталды. Өлем назары елімізге ауған сындарлы кезеңде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен нақты шешімдер қабылданып, елдегі тұрақтылық қамтамасыз етілді. Осындай қиын әрі күрделі кезеңде ел Президентінің бастамаларын қолдап, бірлік, ынтымақ, сенімді диалог ұғымдары аясында топтасуымыздың маңызы бұрынғыдан да арта түсті.

Қ.Тоқаев жыл басында жаңа Үкіметке саяси, әлеуметтік-экономикалық салалардағы және ұлттық қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі өзекті мәселелерді шешу үшін нақты міндеттер жүктеді. Президент: «Ең алдымен, еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажет. Экономикалық саясатымыздың мақсаты айқын. Бұл — заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құру және дамыту. Бұл жүйенің өзегінде қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне білетін кәсіпкерлеріміздің ауқымды тобы тұратыны анық, яғни, бұл — өзінің және балаларының тағдырын Қазақстанмен ғана байланыстыратын кәсіпкерлер. Дәл осындай кәсіпкерлер ел болашағы үшін өзіне жауапкершілік алуға дайын. Сол себепті, кәсіпкерлікті дамыту үшін жүйелі жұмыс атқару өте маңызды» деп атап өтті. Енді осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыруға жұмылуымыз қажет. Ол үшін атқарушы билік пен депутаттар жүйелі түрде бірлесу еңбек етуі анық.

уақыттағы аймақтың мұнай өндірісі саласындағы ахуалға қарамастан компаниялардың мындаған жұмыскерінің еңбек жағдайлары бойынша әлеуметтік мәселелерді онтайлы шешіп, жұмыс орындарын қысқартпауға мүмкіндік береді. Мұның бәрі — халық игілігі үшін жасалып жатқан жұмыстар.

Президент бастамаларының саяси мәні жоғары екенін кешегі референдумның қорытындысынан-ақ аңғаруға болады. Жалпы референдум еліміздің тарихындағы маңызды белес болды. Ұлттымыздың шынайы өзгерістерге деген дайындығы мен ұйымшылдығы көрінді. Ел тұрғындарының дауыс беруге белсенді қатысуы қоғамымыздың кемелдігі мен жауапкершілігін сезіндірді. Бұл туралы Мемлекет басшысы референдум қорытындысы бойынша жасаған үндеуінде нақты айтып өтті.

«Ата заңға өзгерістер енгізу реформаларымыздың соңғы сатысын емес, енді басталғанын білдіреді. Біз елімізді жан-жақты жаңғыртуды жалғастырамыз. Жанартылған Конституция негізінде биліктің барлық институты қызметінің мейлінше тиімді моделін қалыптастырамыз. Олардың арасындағы үйлесім мен тепе-теңдік механизмін нығайтамыз. Дәйекті саяси жаңғыру ұлттық экономиканы дамытуға, ұлттық кәсіпкерлікті нығайтуға ықпал етеді» деді Президент. Енді қабылданатын шешімдер Жаңа Қазақстан құрудағы ең маңызды алғышарттар болады. Осы ретте біз ата-көтеріліп, облысымызда Президент бастамаларын жүзеге асыру жұмыстары сапалы жүргізілуде.

Мысалы облыстық мәслихат депутаты ретінде біз облыстың барлық ауданында жүргізіліп жатқан жұмыстардан тысқары қалып жатқан жоқпыз. Әсіресе ауылдардың барлық мәселесі біздің басты назарымызда. Аудан әкімдері мен басқарма басшыларынан өңірлік әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде тұрақты түрде ақпарат алып отырмыз. Халық депутат қылып сайлағаннан кейін облыстық мәслихатта тек бір ғана ауданның емес,



бүгін бір облыстың мәселесін көтеріп, оның шешімін табуына үлесімзді қосып келеміз. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, қалаға жақын орналасқан Сырдария ауданында жол, су, әлеуметтік нысандар мәселесі шешілген деп айта аламыз. Ауданға газ да келді. Қазір Қалжан ахун, С.Сейфуллин, А.Токмағамбетов және Шаған ауылдарына табиғи газ жүргізуіне жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, республикалық бюджетке қаржыландыру үшін ұсынылуда. Жұмыс басталды, енді бұйырса тұрғындар көп ұзамай игілігін көреді. Бұл — Тәуелсіздіктің жемісі. Сондай-ақ, облыстық маңызы бар «Қызылорда-Жалағаш» автожолының жөнделуді қажет ететін түрлі кездесулерде және әлеуметтік желілерде кенінен талқыланған еді. Бұл мәселе облыс әкімінің бізбен, яғни облыстық мәслихат депутаттарымен өткен басқосуында да көтеріліп, тұрғындарымыз талап-тілегін жеткізгенбіз. Біздің халық қалаулысы ретінде жасаған ұсынысымыз қаперге алынып, биыл жол жөнделу жұмыстары толық жүргізілді. Қазір қалаға қатынайтын жолдың сапасы жақсарды. Бұл да — жергілікті атқарушы, өкілді органдардың бірлесіп жасаған жұмысының жемісі.

Қорыта айтқанда, бізде нәтижелі еңбек етуге барлық мүмкіндік бар. Сол мүмкіндікті бірлік, ынтымақ, сенімді диалог ұғымдары аясында жетілдіріп, қолға алынған бастамаларды жүзеге асыруға аянбай еңбек етуіміз қажет. Сонда ғана еліміздің болашағы жарқын, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері жоғары болмақ. Сондықтан әріптестерімді ел игілігі жолында бірлесіп еңбек етуге шақырамын.

Русул ЕСЕНОВ, облыстық мәслихат депутаты

Зейнет жасы, қайда барасың?

Нәтижесінде жыл сайын бұл төлемнің түрі кеміп, жинақтаушы зейнетақы үлесі өсетін болады. Сондықтан, зейнетақы жасын төмендету зейнетақы салымдарының көлемінің кемюіне және осы жүйеден берілетін төлемдердің де күрт қысқаруына алып келеді, — деді. Смайлловтың сөзінше, өмір сүру ұзақтығының өсуіне байланысты зейнеткерлік жасын көтеру үрдісі дамыған мемлекеттерде де, көршілес Әзербайжан, Армения, Ресей, Беларусь елдерінде де қолға алынауда. — Осы өзгерістерді негізге ала отырып, елімізде зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттырудың жаңа шаралары пысықталып жатыр. «Зейнетақының мөлшерін арттыруды көздейтін параметрлік өзгерістер енгізу қарастырылған. Инфляция деңгейінен 2 процентке аса отырып, ынтымақты зейнетақы мөлшерін индексестуді сақтау, жұмыспен қамту мәртебесіне байланысты зейнеткерлік жасқа жақындап қалған әйелдер үшін жана қолдау шараларын анықтау қажет. Әлеуметтік жобаларға тарта отырып, жұмыс істемейтін әйелдердің зейнетақы жүйесіне қатысу мерзімін ұзарту, зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің демографиялық трендтерге және бюджет кірістеріне тәуелділігін төмендетуге арналған жинақтандыру шартты компонентін енгізу көзделген.

Осы шаралар зейнеткерлердің барлық санаттары үшін зейнетақы төлемдерінің барабар мөлшерін қамтамасыз етеді», — делінген жауапта.

Біздің елде ғана емес, әлемнің дамыған мемлекеттерінің де зейнет-ақымен қамту жүйесінде түйткіл көп. Мәселен, экономикасы қарқынды дамыған Қытайда халыққа қаржылық қолдау көрсету төменгі деңгейде. Visasam сайтының мәліметінше, зейнетке шығу мүмкіндігі қытайлықтардың барлығына бірдей берілмеген. Бұрын мемлекеттік органдарда және қалада орналасқан өңір өнеркәсіптік кәсіпорындарда жұмыс істеген азаматтар ғана зейнет-ақымен қамтамасыз етіледі. Бұл елде зейнетақы мемлекеттік бюджет есебінен төленеді. Ал жеке зейнетақы қорлары жоқтың қасы. Алайда төлемнің зейнетақының аздығына қарамастан елде жастағы адамдарға күнделікті тұрмысына көмектесетін арнайы жеңілдіктер қарастырылған. Мәселен, қытайлық зейнеткерлер коммуналдық қызметтер мен қоғамдық көліктерге төлемдерден босатылады, сондай-ақ олар үшін дүкендерде арнайы жеңілдіктер қарастырылған.

Үндістанда да зейнетақы елде тартқан азаматтардың барлығына бірдей берілмейді. Бұл елде мемлекеттік қызметкерлер ғана зейнетке шығып, ел қазынасынан тұрақты төлем ала алады. Ал өзге қарттарға зейнетақы мүлде қарастырылмаған. Билік өкілдері ел азаматтары зейнетақымен қамтамасыз ету үшін инвестор іздей бастаған. Демеушілер көмектессе, мемлекеттегі қарттарға қажетті қаржыны төлеуге мүмкіндік туады дейді шенеуніктер.

Ал Вьетнамдағы жергілікті заң жүйесі бойынша, зейнетақы төлемдері 50 мен 100 доллардың аралығында. Бүгінде елде жаппай қартаю дерегі тіркелген. Сондықтан Вьетнам билігі



I-бет

Кене шақса, кеш қалмаңыз

Көктем-жаз басталса кене де оянып, өз тіршілігіне кіріседі. Күн қатты ысыған сайын олардың белсенділігі жоғарылайды. Сол себепті, қазіргі шілдедегі аптап ыстықта кене шағуынан болатын Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚК) ауруы да белен алып, аурушандық деңгейі өсуде. Аурудың кенінен таралуы вируспен зақымдалған кенелер санының көбеюімен байланысты. Республика бойынша 5, атап айтқанда, Түркістан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Маңғыстау облысы табиғи қолайсыз аймақтарға жатады.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы немесе көкала – табиғи ошақтық аса қауіпті вирусты жұқпалы ауру. Оның негізгі қоздырғышы вирус, ал резервуары, яғни, өмір сүру ортасы – мал мен жабайы сүтқоректілер (қоян, тышқан тәрізді кеміргіштер, кірпі және саршұнақ, күмтышқан). Кеселдің жалпы екі жолмен жұғатыны дәлелденген. Қоздырғышы бар кенелер трансивитті жолмен шаққанда оның сілекей безіндегі қоздырғыш вирус адамның денесіне өтіп ауру шақырады. Ал екінші жолы – ауру адаммен тікелей байланысу арқылы.

Көктем-жаз басталса кене де оянып, өз тіршілігіне кіріседі. Күн қатты ысыған сайын олардың белсенділігі жоғарылайды. Сол себепті, қазіргі шілдедегі аптап ыстықта кене шағуынан болатын Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚК) ауруы да белен алып, аурушандық деңгейі өсуде. Аурудың кенінен таралуы вируспен зақымдалған кенелер санының көбеюімен байланысты. Республика бойынша 5, атап айтқанда, Түркістан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Маңғыстау облысы табиғи қолайсыз аймақтарға жатады.

Көктем-жаз басталса кене де оянып, өз тіршілігіне кіріседі. Күн қатты ысыған сайын олардың белсенділігі жоғарылайды. Сол себепті, қазіргі шілдедегі аптап ыстықта кене шағуынан болатын Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚК) ауруы да белен алып, аурушандық деңгейі өсуде. Аурудың кенінен таралуы вируспен зақымдалған кенелер санының көбеюімен байланысты. Республика бойынша 5, атап айтқанда, Түркістан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Маңғыстау облысы табиғи қолайсыз аймақтарға жатады.

Көктем-жаз басталса кене де оянып, өз тіршілігіне кіріседі. Күн қатты ысыған сайын олардың белсенділігі жоғарылайды. Сол себепті, қазіргі шілдедегі аптап ыстықта кене шағуынан болатын Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚК) ауруы да белен алып, аурушандық деңгейі өсуде. Аурудың кенінен таралуы вируспен зақымдалған кенелер санының көбеюімен байланысты. Республика бойынша 5, атап айтқанда, Түркістан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Маңғыстау облысы табиғи қолайсыз аймақтарға жатады.

кызбасының алдын алу бойынша 22 семинар сабақ өтті, 790 медицина қызметкері қатысты. Сабақтан соң олардан аттестация алынды. Емханаға қарасты тұрғындар арасында түсіндірме санитарлық-ағарту іс-шараларын жүргізу жолға қойылған. Былтырдың өзінде кен ауқымды 14 іс-шара өткізілді.

Ал биыл емханаға тіркелген халық саны – 51749, оның ішінде бала – 19262, ересектер 31047 адамды құрайды. Биыл кене шағуы диагнозымен 18 науқас тіркелді. Барлығы амбулаторлық медициналық бақылауда болды. Стационарлық емге жүгінгені болған жоқ. Медицина қызметкерлеріне Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу бойынша 24 семинар сабақ өткізіліп, 860 медицина қызметкері қамтылды. Екі рет аттестация алынды. Ауруға күдікті науқас анықталған жағдайда шұғыл хабарлау тізбегі бекітілген. Күдікті науқасты клиникалық көрсеткіштеріне сәйкес алгоритм жасақталып, соған орай жұмыс жүргізілуде. Медицина қызметкерлерінің жеке басын сақтауға арналған ЖҚК-ның қоры жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген. Емханадағы барлық медицина қызметкерлеріне, әсіресе тіркеу бөлімі, жедел жәрдем бөлімі мен аймақтық дәрігерлер, медбикелерге жоғары дене қызуымен және белгісіз себептермен кен кету белгілерімен келгендерді қатан бақылауға алып, жедел хабарлау мен эпидемиологиялық анамнезді толық жинау тапсырылды. Күнделікті таңертең емхананың аймақтық медицина мамандары 94 микроаймақтың 11885 ауласына үй аралау жұмыстарын жүргізіп, кене шағу жағдайларын уақытылы анықтауда. Халық арасында кен көлемде санитарлық-ағарту іс-шаралары жүргізілуде.

Түлстан МАҚСЫТОВА, №3 қалалық емхананың бас дәрігері.

БЗЖҚ-мен БІР КҮН

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ: ЕРТЕҢГІ КҮНГЕ СЕНІМДІЛІК

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Қызылорда облыстық филиалының жұмысы таңғы тоғыздан басталады. Сол уақыттан бастап жергілікті тұрғындар мамандардан өздеріне қажетті қызмет түрлерін ала алады. Аталған мекемеге барған сәтінде қарбалас тіршілік тынысын аңғару соқпады. Халыққа қызмет көрсету барысында ешқандай ірілік жоқ. Бұл – зейнетақы қоры мамандарының күнделікті қағидасы. Осылайша өзіміз де бір күндік жұмыс ырғағына араласып кеттік...

Қызмет аясы сан алуан

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» 2013 жылдың 22 тамызында құрылды. Оған Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы құрылтайшы және акционер ретінде саналады. Зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқару Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жүктелген.

Қызылорда облыстық филиалының жұмысымен танысу мақсатында аталған мекемеге арнайы барып қайттық. Бізді филиал директоры Арнұр Құрманғали қарсы алып, мекеменің тыныс-тіршілігі жөнінде әңгімелеп берді.

2016 жылдың 1 қантарынан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Мемлекет басшысы жетекшілігі ететін Ұлттық қорды басқару қызметіне берілді. Тістің заңнамаға сәйкес Қор міндетті зейнетақы, міндетті кәсіптік зейнетақы, еркті зейнетақы жарнасын тарту, зейнетақы төлеуі, зейнетақы жинағы мен төлеуін жеке есепке алу, жүзеге асырылды. Сондай-ақ, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат берілді.

Зейнетақы жинақтарындағы инвестициялық табыстың үлесі жыл сайын өсіп келеді. 2014 жылдан бері Ұлттық банк қамтамасыз еткен таза инвестициялық табыс (БЗЖҚ-да барлық зейнетақы активтерін біріктіру үрдісінің ақталуы) 5,9 трлн теңгеге жетті. Жалпы Қазақстанда жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс істей бастағанын бергі инвестициялық табыс – 6,8 трлн теңге. Ал биылғы жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша салымшылардың зейнетақы жинақтарының сомасы 12,8 трлн теңгеге жетті. Оның зейнетақы жарналары мен инвестициялық табысты қамтитыны белгілі, – дейді филиал директоры.

Атқарылып отырған іс-шаралардың нәтижесінде халықтың зейнетақы қорына деген сенімділігі артып, Қазіргі күні оның қызметіне жүгінетін тұрғындар саны көбейді. Бұл – сала мамандарының жылдар бойғы жұмыс жасауының нәтижесі. Сондықтан мамандар әрбір істі тығыздықты орындауға бар күш-жігерлерін салады.

Облыстық филиалда барлығы 50 адам қызмет атқарады. Ал 13 маман аудандарда еңбек етеді. Қазіргі кезде облысымызда 800 мыңнан астам адам тұрады. Соның 410 мыңы біздің Қорға салымшы ретінде тіркелген. Жұртшылыққа операциялық, барлық қызмет көрсету, әкімшілік және бақылау секілді 4 бөлім қызмет көрсетеді. Тұрғындар филиалға күнделікті жұмыс уақытында келе алады. Оларға қажетті кеңестер, зейнетақы жарнасы жөніндегі барлық мәліметтер беріледі, – дейді филиал директорының орынбасары Алмас Сәрсембаев.

Кор салымшылар мен алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, түрлі қызметтерді дамытудың негізгі бағыттарын 2022-2026 жылдарға арналған корпоративтік даму стратегиясында атап көрсеткен.

Корпоративтік стратегияда айқындалған зейнетақы қызметтерін дамыту мен сапасын арттырудың түйінді бағытының бірі – тікелей, электрондық және қашықтан қызмет көрсету форматын дамыту арқылы салымшыларды зейнетақы қызметтеріне тән дәрежеде қамтамасыз ету. Бұл ретте Қор өткен жылдар барысында БЗЖҚ сайты мен мобильді қосымшасы, e-gov порталы, әлеуметтік желілер, Төрағаның блогы, т.б. арқылы түскен өтініштерді орындауға электрондық форматта көрсетілетін зейнетақы қызметтерінің ауқымын кеңейтті. Қазір БЗЖҚ қызметтерінің 93% астамы ыңғайлы әрі жедел электрондық форматта ұсынылады. Салымшылар мен алушылар үйден шықпай-ақ, бірнеше минут ішінде Қордың барлық қызметін пайдалана алады. Мысалы, БЗЖҚ сайтында және мобильді қосымшасында салымшылардың кез келген уақытта және кез келген жерде жеке зейнетақы шотынан үзінді-көшірме алып, деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, еркті зейнетақы жарнасы бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беріп, төлем алу туралы өтінішті мәртебесін де қалағалы алады.

«Жылжымалы кеңсе» алыс ауылдарға барады

Филиал мамандары халықтың зейнетақымен қамсыздандыру бағытындағы қаржылық-құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында барлық іс-шараларды қолға алуда. Мәселен, үш жыл бұрын елімізде бастау алған «Жылжымалы кеңсе» жобасы аясында филиалдың барлық қызмет көрсету бөлімі салымшыларға (алушыларға) қызмет көрсетуге қажетті барлық құралдармен жабдықталған, жерсеріктік байланысты бар шағын автобустармен шағай елді мекендерді аралап, ондағы тұрғындарға Қордың барлық қызметін ұсынады. Бұл жөнінде аталған бөлімнің бас маманы Жанар Жарымбетова әңгімелеп берді.

Біз тауада Аралдан Жаңақорған ауданына дейінгі аралықтағы ауыл тұрғындарымен жүздесіп қайттық. Аймақта шағайда жатқан елді мекендер саны аз емес. Олардың кейбіреуіне интернеттің қолжетімділігі өз деңгейінде емес екенін білеміз. Сондықтан мамандарымыз барған сәтте тұрғындар тарапынан көптеген сауалдар қойылады. Әрбір қойылған сауалды жіті назарда ұстауымыз. Оған жан-жақты жауап беруге назар аударамыз. Сапар барысында Арал ауданындағы Жаңақұрылыс, Қаратөбе, Аралқұл елді мекендерінде халыққа қызмет көрсетілді. Онда бізге зейнетақы жарналары, әйелдердің зейнет жасы төмендетуі секілді сан алуан тақырып қамтылып, пікірлер айтылды. Барлық қызмет көрсету бөлімінің мамандарына қойылған сауалдарына тұщымды жауап алған тұрғындар кездесу соңында ризашылықтарын білдіріп жатты, – дейді Жанар Жарымбетова.

Осындай жүздесулер облыстың барлық аудандарында жалғасуда. Жалпы зейнетақы капиталы қалыптастыру мақсатында Қорға жарналарды уақытылы, әрі тұрақты аудару қажеттігі туралы халық арасындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді филиал мамандары биыл бастады.


78 елді мекенде атқаруды жоспарлап отыр. Нәтижесінде аталған қызметтен 4 мыңнан астам адамды қамту көзделуде.

Сондай-ақ, мамандар кенесінде, кенесден тыс жерлерде, ауыл мен қалалық жерлерде де қызмет көрсетеді. Бұл ретте Қор қызметін қажет ететін салымшылар өздерінің жұмыс орнына бөлім қызметкерлерін шақыра алады. Аталған мекемеге барғанын кейін зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, салымшының деректемелерін өзгертулер мен толықтырулар енгізу, хабарландыру тәсілі туралы келісімге отыру, мүгедектік немесе еркті зейнетақы жарнасы бойынша төлемдер алуға өтініш беру және басқа да қызмет түрлері жөнінде сауалдарға жауап беріледі. Мұндай шаралар Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен тұрғындар арасындағы байланысты одан әрі нығайтып, жұмыс тиімділігін арттыруға оң септігін тигізеді. Еңбек ұжымдарында жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмыстары барысында сан алуан қызмет көрсету қамтылады. Олардың қатарында соңғы жылдары зейнетақы заңнамасына енгізілетін өзгерістер, зейнетке шығу кезінде қажетті құжаттарды жинау, Қор сайтынан зейнетақы шотының үзінді көшірмесін құпиясыз немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы алу жолдары бар. Арасында өз мәліметтеріне өзгерістер енгізу жөнінде өтініш білдіретін азаматтар да кездеседі.

Айта кететін жайт, бөлім мамандары бірінші және екінші топ мүгедегерлері барлық қызмет көрсетеді. Осы мақсатта салымшылар бізге электронды түрде немесе байланыс орталығы арқылы өтініштер береді. Өтініш бөлуші өзі туралы мәлімет пен телефон номерін қалдыра жетіп жатыр. Әрбір өтініш қарауысыз қалмайды. Аталған тұрғынмен алдын ала хабарласып, кездесу уақытын белгілеп, «Мобильді агент» жібереміз. Аталған қызметті атқаратын маманың қолында ноутбук, галматорға қосылған 4G-модем, принтер қондырғысы болады. Осылайша әрбір салымшыға Қордың барлық қызметін көрсетуге қолайлы жағдай жасалған, – дейді Жанар Жарымбетова бізбен қолтасып жатып...

Әрбір тұрғынға сапалы қызмет

Филиалдағы операциялық бөлім қызметін тұтынатын тұрғындарды да қарасы аз емес екен. Айтақандай, кейбір азаматтардың



ланертенгі уақыт болса да филиалға баруға келіп, өз сауалына мамандардан жан-жақты жауап алғанды қолайлы көретіндерінің күесі болды. Солардың бірі – қала тұрғыны Азамат Мыңжасаров операциялық бөлім мамандарынан қажетті кеңесті сапалы алғанын айтады.

Мен он жылдан астам уақыттан бері жұмыс жасап келемін. Өзім еңбек ететін мекеме тарапынан зейнетақы жарнасы тұрақты аударылып отырады. Бүгін зейнетақы қорындағы деректерге өзгерту енгізу мақсатында арнайы келген едім. Мамандар жоғары деңгейде қызмет атқарды. Олардың атқарған жұмысына ризашылықымды білдіремін, – дейді ол бізбен әңгімелесіп.

Аталған бөлім басшысы Болатбек Жұматаевтың айтуынша, мамандардың біліктілік деңгейіне тиісті деңгейде мән беріліп отырады. Осы мақсатта оларға заманауи жаңа өзгерістер барлық тұрақты түрде түсіндіріледі. Нәтижесінде халыққа қызмет көрсету деңгейі қашан да жоғары.

Әрбір салымшы Қор қызметтерін пайдалану барысында өзіне қолайлы, ыңғайлы жағдайды сезінуі тиіс. Кейде олардың тарапынан түсінбеушілік те ұшырасуы мүмкін. Ондай сәтте мамандар мәселенің онтайлы шешілуіне көңіл бөлулері тиіс. Айта кетерлігі, әрбір адамның зейнетке шығар алдында тиісті құжаттардың толық болуына назар аударғандары маңызды. Бұл жөнінде зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік және халыққа қызмет көрсету орталықтары мамандарының қызметіне жүгінгендері абзал. Алдымен азаматтар еңбек кітапшасының аударылуына назар аударулары керек. Зейнетке шығу барысында мамандар тарапынан еңбек кітапшасындағы мөрлің дұрыс бақылау, еңбек өтіліне қатысты сауалдар туындауы мүмкін. Мұндай жағдай болмауы үшін барлығы да алдын ала реттелуі қажет, – дейді Болатбек Жұматаев.

Шынында да кейбір азаматтар өздерінің еңбек жолындағы кейбір түйткілдерге мән бермей жатады. Соның салдарынан қал мекемеде жұмыс істегені туралы мәліметтер нақтылы болмағандықтан еңбек өтілін қайтадан дұрыстап жазу қажеттілігі туындайды. Ал ол қосымша уақытты қажет етеді. Алдымен жұмыс жасаған ұйымға, егер ол жабылып қалған болса, мұрағатқа сұраныс жіберіледі. Бұған алты айдан астам уақыт кетуі, кейде ол бір жылға дейін созылуы ықтимал. Сол себепті азаматтардың зейнетке шығар алдында тиянақтылық танытып, құжаттарын алдын ала реттеп қойғандары дұрыс.

Жаңашыл жобаларға жол ашық

БЗЖҚ-ның электрондық қызметі мен қашықтан қызмет көрсету жүйесін дамыту мақсатында еліміздің біріктер министрліктері, «Қазпошта» АҚ, екінші деңгейдегі банктер және өзге де мемлекеттік органдардың деректер базасы мен ақпараттық жүйелері біріктірілді. Осылайша жасына байланысты төлем алуға өтінішті алдын ала тексеру, ЭЦК тексеру және жеке жеке сәйкестендіру, ақпараттандыру, қызмет көрсету үшін бір реттік құпиясызді жіберу, жасына байланысты төлем алуға тіркелген өтініштерді қабалдауға мүмкіндік жасалды. Бұған қоса белгіленген мүгедектік бойынша деректерді тексеру, азаматтардың жеке деректерін, куәландырушы құжаттар мәртебесін, өмірлік мәртебесін тексеру, зейнетақы жарна

Әділжан УМБЕТ, «Сыр бойы»

Қаңғыған иттің көзін қалай жоюға болады?

Қаланың әр бұрышында қаңғыбас ит топ-тобымен жүр. Әлеуметтік желіні аша қалсаңыз, сол қаңғыған иттің қапқаны туралы хабар көп. Соған қарамастан бүгінге дейін қажетті шаралар атқарылмады. Оған себеп – былтыр жыл соңында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Жануарларға жауапкершіліктен қарау туралы» заңды әзірлеуі еді.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»



Заңға сәйкес, көшеде қанғып, қысық жәшігін торуылдаған итті атуға болмайды, яғни, итті атсаңыз да, аттырсаңыз да, заң алдында жауап беріп, айыппұл арқалайсыз. Жалпақ тілмен айтқанда, басыңыз бөлек қалады. Заң қабылданғаннан кейін тұрғындар шағымын көп болуына қарамастан біраз уақытқа дейін шара қолданылмағаны рас. Байғадай көлікпен көше-көшені аралап жүріп, қанғыған итті сұлата салу тыйылды. Заң қабылданғалы ахуалдың қалай екенін облыстық ветеринария басқармасына хабарласып білдік.

Басқарма басшысы Шахмардан Қойшыбаев тұрғындардың қауіпсіздігі басты назарда екенін айтып, шағым түскен жағдайда аулау жүргізілетінін жеткізді.

Бүгінде ветеринарлардың жасап жүрген ақпараттарына арқасында өңірде эпизоотиялық ахуал тұрақты. Алайда тұрғындар тарапынан қа-

раусыз жануарларға байланысты түсетін шағым азаймай тұр. Жаңа заңға сәйкес, итті аулауға тыйым салынды. Дегенмен ит агрессивті болса, арыз ізімен көзін жоюға болады. Бұл заңда да қарастырылған. Осыған орай, министрліктің де іс-шарасы бекітілді. Қазір қала мен аудандарда шағымды қабылдайтын байланыс орталығы жұмыс істейді. Наурызда заң күшіне енді. Оған дейін қаламызда 1300 ит ауланды. Кейін тұрғындар арыз бойынша тағы 1000 иттің көзі жойылды. Жалпы жыл сайын қаңғыбас, қараусыз қалған иттердің есебін жүргізу, сондай-ақ олардан жұғатын аса қауіпті құтыру, эхинококкоз ауруларының алдын алу бойынша вакциналау жүргізіледі. Мұндайда жануардан ауру белгілері анықталса, емдеу шараларын жасаймыз. Ал емдеуге келмесе, көзі жойылады. Қазір Қызылорда қаласындағы барлық әлеуметтік ны-

сандарын айналасына, балалар ойын алаңдарына, әсіресе, базар маңына қосымша бақылау жүргізілуде, – делі басқарма басшысы.

Оның айтуынша, қаламызда биыл иесі бар 9500 ит пен мысық есепке алынған. Жыл басынан бері бұл үй жануарларынан жаракат алудың 59 жағдайы тіркеліп, тұрғындар медициналық көмекке жүгінген. Барлық жағдай бойынша арнайы аралар 10 күндік ветеринариялық бақылауға алынған, алайда аса қауіпті құтыру ауруының белгілері анықталмаған. Ресми мәліметтерге сүйенсек, жануарлар мен адамға ортақ жұқпалы құтыру, эхинококкоз секілді аурулардың алдын алу үшін былтыр облыс бойынша 24,8 мың қаңғыбас ит-мысық аулауы жойылған.

Не десең те, бүгінде қаламыздың әр бұрышында қаңғыған ит көп. Олардың арасында құтыруға шалдыққаны да бар. Сірә, оны жоққа шығару мүмкін емес шығар. Аузынан ақ көбік ағып, балаға ұмтылған иттер туралы естігенде жан шошиды. Жалпы, құтыру дертінің белгілері қандай?

– Қазір қаңғыған ит көп екенін білемін. Олардың ішінде құтыру дертімен ауыратындары болады. Ең қауіптісі де солар. Мәселен, бізге құтыру ауруы мен 2014-2021 жылдары ауруханада 1 науқан тіркелді. Былтыр бір науқас түсіп, емдом жүргізілгеніне қарамастан қайтыс болды. Құтыру – жүйке жүйесінің ауыр зақымдалуымен сипатталады, көбінесе өліммен аяқталатын вирустық ауру, – дейді облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Мира Әлмашанова.

Иә, қалай болғанда да қаңғыған иттен келер қауіп аз болмай тұр. Сондықтан облыста аулаған жануарларды уақытша ұстау орны даяр болғанына тұрғындардың қауіпсіздігін жіті бақылау керек сынайды. Өйтпесе, көше кезіп қаңғыған ит ойпаған бала, жау жүргіншіге тап беріп, жаракаттамасына кім кепіл?!

Түлектерге диплом табысталды

Облыстық жастар ресурстық орталығында РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясында білімін жетілдірген аймақ энергетиктеріне диплом беру салтанаты өтті. Іс-шараға академия өкілдері мен «Қызылорда жарығы» холдингі қызметкерлері қатысты.



2018 жылы Қызылорда қаласында РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясы корпоративтік басқарудың жоғары мектебінің (ВШКУ РАНХиГС) филиалы ашылған. Оқу орны барлық саланы, оның ішінде менеджмент, экономика, маркетинг секілді салаларды тереңдетіп оқытады. Оқу орнының аймағымыздағы алғашқы түлектері 2020 жылы бітіріп шықты. Быыл да облысымыздың мемлекеттік қызметшілері, мұнай-газ, энергетика, құрылыс салаларының қызметкерлерінен құралған екі топ оқуын аяқтап шықты. Олардың қатарында «Қызылорда жарығы» холдингінің 7 қызметкері бар.

2018 жылы Қызылорда қаласында РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясы корпоративтік басқарудың жоғары мектебінің (ВШКУ РАНХиГС) филиалы ашылған. Оқу орны барлық саланы, оның ішінде менеджмент, экономика, маркетинг секілді салаларды тереңдетіп оқытады. Оқу орнының аймағымыздағы алғашқы түлектері 2020 жылы бітіріп шықты. Быыл да облысымыздың мемлекеттік қызметшілері, мұнай-газ, энергетика, құрылыс салаларының қызметкерлерінен құралған екі топ оқуын аяқтап шықты. Олардың қатарында «Қызылорда жарығы» холдингінің 7 қызметкері бар.

«СБ» ақпарат

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

«ТОРГАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ төмендегі жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетін хабарлайды. 1) Жобалардың атауы: – 2023 жылға арналған «ТОРГАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ объектілерінен атмосфералық ауаға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы; – 2023 жылға арналған «ТОРГАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ объектілерінен ластанушы заттардың рұқсат етілген тоғандық нормативтерінің жобасы; – 2023 жылға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы; – 2023 жылға арналған «ТОРГАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ өндірістік экологиялық бақы-

лау бағдарламасының жобасы; – 2023 жылға арналған «ТОРГАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ қалдықтарын басқару бағдарламасының жобасы. 2) Қоғамдық тыңдауларды өткізу орны, күні және уақыты: Қызылорда қаласы, Ш.Есенов көшесі, 1 А («ТОРГАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ бас кеңесі), 2022 жылғы 15 қыркүйек, сағат 10.30 (жергілікті уақыт). 3) Көзделіп отырған қызметтің бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «ТОРГАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ ОҚ және КҚ, ҚОҚ, АҚ және ГЖ қызметінің басшысы Елубаев Марат Исатаевич e-mail: myelubayev@turgai.kz Телефон: 8 (7242) 26-15-17; 27-18-74

Жарамсыз деп есептелін

«Алтын Камба» Агроөнеркәсіптік комбинаты» ЖШС-ның (БСН 031040003438) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелін.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы «Сыр бойы» газетінің ардагері Қуаныш Мырзабаевтың қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жергілікті жанкүйерлер 2000 жылдарға дейін қызылордалық «Қайсар» командасында ойнаған Нұрлан Әбуовтің есімін жақсы біледі. Тасқамал қақпашы ретінде танылған ол беріде аталған клубта басшылық қызметтер атқарды. Жанкүйерлер тарапынан «Әбуов қазір қайда жүр?» деген сауал жиі қойылады. Белгілі қақпашы өзі жаны сүйетін футболдан алысқа ұзап кеткен жоқ екен. Жасөспірімдерге спорттың қыр-сырын үйретіп, бапкерлік қызмет атқарып жүргенін білдік. Жүзделу барысында футболды дамыту, оған балалар мен жасөспірімдерді баулу, инфрақұрылымды жақсарту жайында ой қозғалды.

Нұрлан Әбуов:

«Біз әлі күнге дейін футболдың бизнес екенін түсінбей жүрміз»

Балалар спортының бәсі жоғары

– Алғашқы сұрақ. Қазір қандай қызмет атқарып жүрсіз? – Әлемде футбол спорты қашанда биік тұғырынан төмендеген емес. Біз де бала кезімізден оған өте құмар болып өстік. «Қайсардың» құрамында ұзақ жылдар бойы доп тебу маңдайымызға жазылған екен. Өзін білесің, одан кейін де футболдан алысқа ұзаған жоқпын. Қазір бірқатар жігіттер ойласып, қалада осындай үйірме ашу жөнінде ұйғарымға келдік. Негізгі мақсат – талантты жастарды табу, оларға дұрыс бағыт беру. Өрне, қазір бізден тәлім алып жүрген өрендердің барлығы кәсіпқой футболға бет бұра қоймауы мүмкін. Олардың тұл жат қылықтардан аулақ болуына көл ұшын сөзүдін өзі көздеген мақсаттың бір парасы орындалғаны.

– Елімізде балалар футболын дамыту жағдайы қалай? Кезінде қазақстандық командалар жергілікті түлектерге арқа сүйейтін еді. Қазір кейбірі сырттан келгендерге сенім артатын болды.

– Талап бойынша әрбір команда жанында балалар футболына арналған орталық бар. Сол орталықта тәлім алған шәкірттер кейіннен кәсіби тұрғыда қайта шыңдалады. Өкініштісі, барлығы біз ойлағандай емес. Оның бірнеше себебі бар. Алдымен бапкерлердің біліктілігі деңгейіне назар аударылуы тиіс.

– Әлемде жоғары деңгейде дамыған балалар футболы орталықтары бар. Олар талай талантты жасқа жол ашты. Мәселен, Балкан түбегіндегі Сербия, Хорватия, Черногория өрендері қазір азулы клубтарда ойнап көрсетеді. Осылайша игі іс өз деңгейінде жүзеге асты. Алдымен бапкерлердің біліктілігіне назар аударылып, футболдың дамуы бойынша озық елдерге тәжірибе алмасуға жіберді. Ойлағандары жүзеге асты. Білімі мен біліктілігі шыңдалған мамандар өз елінде жас өрендерді тәрбиелеп шығаруға құлшына кірісті. Ендігі кезекте беделді клубтар сол шәкірттерге көз тігіп, оларға қыруар қаржы жұмсауға мүдделі болып отыр. Осылайша балалардың футбол орталықтары қаржы тауып отыр.

– Өркеніетті елдерде футбол – бизнес кезі. Футбол орталықтарында қызмет жасайтын мамандар мықты ойыншы шығарса, өзінің еңбегіне лайықты ақша алады. Өкініштісі, қазақстандық клубтарда әзірге ондай серпіліс жоқ. Шетелден келген легионерлерге үміт артатыны сондықтан. Әйтпесе, бізде де талантты жастар бар. Оларға қамқорлық қажет. Елдің арасынан оларды іздеп табуымыз тиіс. Бұл бір-екі күндік шаруа емес. Аталған жобалар ұзақ мерзімдерге белгіленуі қажет. Дегенмен, бізде әлі күнге дейін осы жағы кемшін түсіп тұр. Футболды дамытамыз десек, осындай мәселелерге көңіл бөлінгені орынды.

Бапкерлер біліктілігі қандай?

– Енді әңгіме ауаның «Қайсарға» ойыстырақ. Кейінгі жылдарда команданың ойыны ала-құла. Көңіл көншітпейді. Быыл бірінші лигада доп тебуге мәжбүр. Команда құрамында жергілікті түлектердің саны аз. Кезінде қызылордалық жастар команданың негізгі бөлігін құрайтын еді. Бұл тығырықтан қалай шығуға болады? Кәсіби маман ретінде сіздің ойыңыз қалай?



Мұндай жобаларға ниет білдіріп жүрген инвесторлар бар. Оған жергілікті басшылық тарапынан қызығушылық болса, игілікті істі бастап кетуге дайын. Мұндай жағдайда қалада төбесі жабық футбол манежі мен барлық талапқа сай жасыл алаңдар пайда болады.

Сыр өңірі таланттарға кенде емес

– Өзіңіз кезінде «Қайсарда» басшылық қызметте болдыңыз. Сол уақытта команда құрамында жергілікті жастардың саны басым еді. Аталған құраммен талай мықты клубтармен терезесі тең дәрежеде ойын болғанын ұмыта қойған жоқпыз. Сол жылдары бапкерлерге қандай талаптар қойылатын еді?

– Сыр өңірі таланттан кенде емес қой. Оларды іздеп табуымыз қажет. Облыстың барлық ауданында футбол үйірмесі бар. Онда қаншама бала тәрбиеленуде. Арасынан таланттысы шығады. Мұндай шәкірттер тасада қалып қоймағаны жөн. Біз осындай жағдайға баса назар аудардық. Жыл сайын футболдан облыстық турнир болады. Сол кезде шеберлігі шыңдалған балалардың келгенін байқаймыз. Оларды көзден таса етпеуге көңіл бөлімді. Көптеген жастар «Қайсардың» құрамына қосылды. Мәселен, Ахмет Алайдаров, Дәуренбек Тәжімбетов, Бектас Ерғаев, Дархан Бекішев, Жасұлан Молдақарев сынды түлектер – осындай оң жұмыстың нәтижесі.

– Бас бапкер қызметіне келген әрбір маманмен команданың болашағы жөнінде ой бөлісеміз. Олар өзінің жоспарын айтады. Біз де ұсыныс білдіреміз. Алдағы ойындарға жергілікті футбол түлектерін қосу жөнінде талап қоямыз. Ол өзінің жемісін берді. Бүгінде жанкүйерлер жақсы білетін Мақсат Байжанов, Ахмет Тағыбергел, Думан Нәзілдаев, Елжас Алтынбеков сынды жігіттер сол кезде шықты. Өкінішке орай, қазір ондай талап жоқ секілді. Әйтпесе, әрбір ойдағы жергілікті түлектер жасыл алаңнан көрінетін еді. Көбірек шыңдалмаса, олар тәжірибесін қалай арттырады? Бұл – ойланатын мәселе.

– Сөзіңізді бөлейін. Қазір «Ордабасы» мен «Тараз» командалары негізінен жергілікті түлектерге үміт артады. Премьер-лигада ойнайтын екі команда турнир кестесінде жоғары орындарға келеді. Олар мұндай жетістікке қалай қол жеткізді? Кәсіби маман ретінде қозғарсыңыз қандай?

– Қай кезде де Шымкент, Тараз футбол мектебі жоғары бағаланады. Сол тұғырдан әлі төмендеген жоқ. Кезінде қолға алынған жобаларды жүйелі жаңағырды. Аталған өңірлерде команда жанындағы орталықтар бар. Оған қоса футболға лайықталған балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері жұмыс істейді. Жергілікті басшылық пен кәсіп-

керлердің қолдауымен Премьер-лига және бірінші лигада кәсіби деңгейде бірнеше команда құрылған. Осылайша талантты жастар тасада қалып жатқан жоқ. Кейіннен аталған командаларда ойын көрсетуге мүмкіндік алады. Өрбір орталық жастарды іріктей алады. Еліміздің өзге клубтары оларға қызығушылық таныса, футболшының ақысын төлейді. Бұл орталықтардың қаржылық жағдайын жақсартуға септігін тигізеді. Өкінішке орай, бізде осы жағы кемшін түсіп жатыр. Негізгі басымдық «Қайсарға» бағытталған. Талантты жастарды соған тартамыз.

«Байқоңырды» жеке команда есебінде дамытайық»

– Жергілікті жастарды қолдауға бағытталған «Байқоңыр» командасына байланысты ойыңыз қандай?

– Рас, осыдан бірнеше жыл бұрын «Байқоңыр» командасы құрылды. Оны жақсы жоба ретінде бағалаймыз. Десе де, әзірге ол облыстың екінші командалық ретінде саналады. Тәуір ойыншылар болса, оларды «Қайсардың» құрамына тартады. Осының салдарынан «Байқоңыр» ала-құла ойнайды. Өйткені, бір команданы құрудың өзіне қаншама уақыт жұмсалды. Футболшылар бір-бірімен өзара түсіністік таанытады. Шеберлік деңгейін таразылайды. Бір-бірін толық түсінгеннен кейін ойын да өз деңгейінде жүреді.

– Менің ойымша, «Байқоңыр» да «Қайсар» секілді жеке құрылым болуы тиіс. Облыс орталығында «Локомотив» стадионында футболға арналған балалар мен жасөспірімдер мектебі бар. Быыл «Байқоңыр» командасын қала әкімдігі қаржыландырып отыр. Сол ақшаны біріктіріп, жаңа жобаны жүзеге асыруға болады. «Байқоңырды» «Қайсарға» бәсеке ретінде дамытуға мүмкіндік бар.

– Мұндай игі іс көршілес Түркістан облысында жақсы байқалады. Тіпті, аудандарда командалар бар. Олардың алды Премьер-лигада ойын көрсетеді. Бізде де сол істі неге қолға алмасқа? Кейбір аудандардың оған мүмкіндігі бар емес пе?

– Ашығын айтқанда, Түркістан Шымкент аймағында бұл жағы жақсы дамып келеді. Қазір Премьер-лигада «Ордабасы» мен «Тұранның» өзге «Мақтарал» да бар. Олардан бірінші лигада да төменгі команда ойнайды. Команданың көп футболшылар артықтығы жоқ.

– Жылма-жыл футбол орталықтарында қаншама түлек шеберлігін шыңдап шығады. Енді олар кәсіби деңгейде өздерін көрсетуі тиіс қой. Мәселен, бір облыста үш-төрт команда болса, жастар сол ұжымдарда ойнайды. Нәтижесінде олардың арасынан таланттысын таңдап алуға әбден болады.

– Олменің көптеген елдерінде бұл әдіс қолға қойылған. Нидерландының «Аякс» командасын алайықшы. Онда футболшы дайындау жоғары деңгейде дамыған. Дүниежүзіндегі белгілі клубтардың барлығы сол орталықта тәрбиеленген футболшыларға үміт артады. Қымбат бағасына сатып алудан да кет әрі емес.

– Қысқасы, біз әлі күнге дейін футболдың бизнес екенін түсінбей жүрген секілдіміз. Қаншама қаржы жұмсалғаннан кейін оның жемісін де көруіміз қажет емес пе?

– Менің ойымша, «Қайсар» мен «Байқоңырды» жеке орталықтар ретінде дамытсақ, одан еш ұтылмаймыз. Өрқайысы өз түлегін дайындауға тырысады. Бұған жергілікті басшылық тарапынан көмек жасалғаны дұрыс.

– Қазақстандық футболшылар деңгейін төмен деп айта алмаймын. Бәлкім, олардың арасында өзге елдерден шақырту алып жатқаны бар да шығар. Дегенмен, сол жастардың көбісі басқа жақта доп тебуге құлықсыз. Оның бірнеше себебі бар. Кейбір елдерде жалақы бізден төмен. Жастар сыртта ойнау арқылы тәжірибе жинайды. Сондықтан елімізде балалар футболын дамыту басты мақсаттың бірі болуы тиіс. Өкінішке орай, әзірге бізде осы жағынан олқылық бар.

– Алысқа бармай-ақ қоялық, көршілес Өзбекстанда футбол орталықтары жоғары деңгейде дамып келеді. Кезінде Лияс Зейтуллаев италяндия клубтарда доп тепсе, қазір Элдор Шомуродов «Рома» жейдесін киіп жүр. Барлығы өзіміздің қолымызда екенін де ұмытпайық. Қазақстанда дарынды ұландар өсіп келеді. Тек біз оларды тауып, шеберлік деңгейін арттыруға қолдау көрсетсек, соның өзі жетістік.

– Өңіміңізге рақмет.

Әңгімелескен Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»